

Ауылдық жерде жұмыс істейтін және мемлекеттік қызметшілер болып табылмайтын денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт салалары мамандарының айлықақылары мен тарифтік мөлшерлемелерін 25 пайызға көтеру туралы

Күшін жойған

Павлодар облыстық мәслихатының (II сайланған, XX сессия) шешімі. 2002 жылғы 24 маусымдағы N 43/20. Павлодар облысының Әділет басқармасында 2002 жылғы 9 шілдеде N 1317 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық мәслихатының 2009 жылғы 24 шілдедегі N 222/16 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық мәслихатының 2009.07.24 N 222/16 шешімімен.

Облыс қаржы департаментінің бастығы В.З.Бочиннің ауылдық жерде жұмыс істейтін және мемлекеттік қызметшілер болып табылмайтын денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт салалары мамандарының айлықақылары мен тарифтік мөлшерлемелерін қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайларда айналысатын мамандардың мөлшерлемелерімен салыстырғанда 25 пайызға көтеру туралы хабарламасын тыңдап және талқылай келе, облыстық мәслихат ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Ауылдық жерде жұмыс істейтін және мемлекеттік қызметшілер болып табылмайтын денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт салалары мамандарының қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайларда айналысатын мамандардың мөлшерлемелерімен салыстырғанда 25 пайызға көтерілген айлықақылары мен тарифтік мөлшерлемелері белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың экономика және бюджет жөніндегі тұрақты комиссиясына (Шабрат Н.П) жүктелсін.

*II сайланған облыстық
Мәслихаттың кезекті XX*

Сессиясының төрағасы